

ISSN 2616-678X

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

BULLETIN

of the L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ФИЛОЛОГИЯ сериясы

Серия **ФИЛОЛОГИЯ**

PHILOLOGY Series

№3 (124) / 2018

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к., (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассос. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., қауымд. проф. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сатпаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген Құрманғалиев Ілияс

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы

Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 35 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: (7172)709-500

(ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology, (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассос. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., ассос. проф. (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408

Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

<i>Акбаров А.</i> Шет тілдерін оқыту саясатына қатысты әлеуметтік-мәдени факторлар: Босния мен Герцеговинаның тақырыптық зерттеулері	8
<i>Атанасова С.</i> Шағын аймақтағы «жаһандық ландшафтар»: Велико-Тырноводағы қоғамдық жазбалардың лингвистикалық суреті	17
<i>Бейсембаева Ж.А., Барямова Р.К.</i> Шет тілді оқытуда жаңа технологияларды пайдалану	29
<i>Дюсекенева И.М., Дюсекенев Д.Н.</i> Этномәдени деталь мәселесі орайында	39
<i>Каженова М.М., Жусупова Р.Ф.</i> Оқу үдерісіне жаңа технологияларды енгізу	46
<i>Шарипова М.К., Жанзақова Г.З.</i> Аударма - тілралық және мәдениетаралық қарым-қатынас құралы	52
<i>Тәжібаева С.Ж., Невская И.А., Мүтәлі А.К., Қадысқызы А.</i> Қытайда қазақ тілінің қолданылуы: мәселелер мен зерттеу перспективалары	59
<i>Байбек А.К.</i> Біржан сал – Арқа ән дәстүрінің көрнекті өкілі	69
<i>Бескемер А.</i> Көркем мәтінді аудару және түсіну: барабарлықтың өлшемшарты	81
<i>Мухамед Абдо Д.</i> Жауынгер-әйел тақырыбы (Б. Васильевтің «А зори здесь тихие» повесі бойынша)	88
<i>Дүйсекова К.К., Габдулина А.К.</i> Қазақ және қытай тілдеріндегі метафоралардың ерекшеліктері	98
<i>Дүйсенгазы С.</i> Қазақ-қырғыз айтыс өнеріндегі ортақ мұрат	109
<i>Жақыпов Ж.А., Догдырбай А.</i> Фольклорлық жанрлар мәтінінің бастапқы және аяққы шендері	116
<i>Жұмағұлов С.Б.</i> Ақын Сәбит Дөнентайұлының мысал өлеңдері	128
<i>Қоңыратбаева Ж.М.</i> Әлемнің мәдени бейнесіндегі Шығыс және Батыс кеңістігі (лингвомәдениеттанымдық тәжірибе)	135
<i>Мурсалимова Г.А., Еділбаев Б.А.</i> Анимация өнерін зерттеудің теориялық - әдіснамалық аспектілері	149
<i>Мырзаханов Т.А.</i> Ағылшынның қаржы және экономикалық метафораларын аударудағы лингвомәдениеттанудың қырлары	157
<i>Нұрахметов Е.Н., Наралиева А.А.</i> Қазақ, ағылшын, неміс сөйлеу тіліндегі гендерлік ерекшеліктер	169
<i>Сүйінова Г.С.</i> Қалалық бірегейліктің урбонимикондағы көрінісі	177
<i>Сұлтанбекова С.А.</i> Неміс тіліндегі аффиксті жаңа мағыналы туынды сөздердің прагматикалық аспектілері	185
<i>Шаймердинова Н.Г., Жиёмбай Б.С., Жиёмбаева Г.Т.</i> Армян-қыпшақ ескерткіштеріндегі есім сөз таптарының жалпы сипаты	192
Мақаланы рәсімдеу үлгісі	204

Contents

<i>Akbarov A.</i> Socio-Cultural Factors Involved in the Foreign Language Teaching Policy: Case Study of Bosnia and Herzegovina	8
<i>Atanassova S.</i> «Global Landscapes» in Small Places: the Linguistic Picture behind the Public Inscriptions in Veliko Turnovo	17
<i>Beisembayeva Zh.A., Baryamova R.K.</i> The use of Technologies for Foreign Language Teaching	29
<i>Dyussekeneva I.M., Dyussekenev D.N.</i> To the Problem of Ethnocultural Detail	39
<i>Kazhenova M.M., Zhussupova R.F.</i> Integrating new Technologies into Curriculum	46
<i>Sharipova M.K., Zhanzakova G.Z.</i> Translation as a Tool for Interlingual Communication	52
<i>Tazhibayeva S.Zh., Nevskaya I.A., Mutali A.K., Kadyskyzy A.</i> Kazakh Language as Spoken in China: Problems and Research Perspectives	59
<i>Baibek A.K.</i> Birzhan Sal – outstanding representative of the singing tradition of Sary-Arka	69
<i>Beskemer A.</i> Translation and Interpretation of Literary Text: Equivalence Criteria	81
<i>Dina Mohamed Abdo</i> The Theme of a Female Militant (on the Material of B. Vasilyev’s Novel «The Dawns Here Are Quiet»).....	88
<i>Duysekova K.K., Gabdulina A.K.</i> Peculiarities of Kazakh and Chinese Metaphors	98
<i>Duysengazy S.</i> Commonalty of ideo in Kazakh-Kyrgyz Aityys	109
<i>Zhakupov Zh.A., Dogdyrbai A.</i> Initial and Final Positions of the Text of Folklore Genres	116
<i>Zhumagulov S.B.</i> Fables of the Poet Sabit Donentayuly	128
<i>Konyratbayeva Zh.M.</i> East and West Space in the Cultural Picture of the World (Linguocultural Experiment)	135
<i>Mursalimova G.A., Edilbayev B.</i> Theoretical and Methodological aspects of Animation Art	149
<i>Myrzakhanov T.A.</i> Lingual and Cultural Aspects of Translation of Metaphors in Financial and Economic Discourse	157
<i>Nurakhmetov E.N., Naraliyeva A.A.</i> Gender features of oral speech in the Kazakh, English and German languages	169
<i>Suynova G. S.</i> On Representation of Urban Identification in the System of Urbonyms	177
<i>Sultanbekova S.A.</i> Pragmatic Aspects of New Affixal Derivatives of the German Language	185
<i>Shaymerdinova N.G., Zhiyembay B.S., Zhiyembayeva G.T.</i> General characteristics of the nominal parts of speech in the Armenian-Kypchak monuments	192
Template	206

Содержание

<i>Акбаров А.</i> Социально-культурные факторы, связанные с политикой преподавания иностранного языка: тематическое исследование Боснии и Герцеговины	8
<i>Атанасова С.</i> «Глобальные ландшафты» в малых пространствах: лингвистическая картина за публичными надписями Велико-Тырново	17
<i>Бейсембаева Ж.А., Барямова Р.К.</i> Использование современных технологий в преподавании иностранных языков	29
<i>Дюсекенева И.М., Дюсекенев Д.Н.</i> К проблеме этнокультурных деталей	39
<i>Каженова М.М., Жусупова Р.Ф.</i> Интеграция новых технологий в учебном процессе	46
<i>Шарипова М.К., Жанзакова Г.З.</i> Перевод как инструмент межъязыковой и межкультурной коммуникации	52
<i>Тажиббаева С.Ж., И.А. Невская, Мутали А.К., Кадыскызы А.</i> Функционирование казахского языка в Китае: проблемы и перспективы исследования	59
<i>Байбек А.К.</i> Біржан сал – выдающийся представитель песенной традиции Сары-Арки	69
<i>Бескемер А.</i> Перевод и интерпретация художественного текста: критерии эквивалентности	81
<i>Мухамед Абдо Д.</i> Тема женщины-бойца (на материале повести Б. Васильева «А зори здесь тихие»)	88
<i>Дуйсекова К.К., Габдулина А.К.</i> Особенности казахских и китайских метафор	98
<i>Дуйсенгазы С.</i> Общность идей в казахско-кыргызских айтысах	109
<i>Жакупов Ж.А., Догдырбай А.</i> Начальная и конечная позиции текста жанров фольклора	116
<i>Жумагулов С.Б.</i> Басни поэта Сабита Донентайулы	128
<i>Коныратбаева Ж.М.</i> Пространство Восток и Запад в культурной картине мира (лингвокультурологический эксперимент)	135
<i>Мурсалимова Г.А., Едильбаев Б.</i> Теоретические и методологические аспекты анимационного искусства	149
<i>Мырзаханов Т.А.</i> Лингвокультурологические аспекты перевода метафор англоязычного финансово-экономического дискурса	157
<i>Нурахметов Е.Н., Наралиева А.А.</i> Гендерные особенности устной речи казахского, английского и немецкого языков	169
<i>Суюнова Г.С.</i> Об отражении городской идентичности в урбонимиконе	177
<i>Султанбекова С.А.</i> Прагматические аспекты новых аффиксальных дериватов немецкого языка	185
<i>Шаймердинова Н.Г., Жиёмбай Б.С., Жиёмбаева Г.Т.</i> Общая характеристика именных частей речи в армяно-кыпчакских памятниках	192
Образец оформления статьи	208

МРНТИ 16.01.11

Ж.М. Қоңыратбаева

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: zhanarkon@mail.ru)

Әлемнің мәдени бейнесіндегі Шығыс және Батыс кеңістігі (лингвомәдениеттанымдық тәжірибе)

Андатпа. Мәдениетаралық коммуникация кеңістігін қарастырудағы өзекті нысанның бірі – әлем бейнесі, оның ішінде әлемнің мәдени бейнесі мәселесі. Мақалада Шығыс және Батыс әлемінің мәдени бейнесін лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан қарастырып, білімгерлер көзімен екі өркениеттің мәдени картасын жасау дәтігелді. Мәдени картаны жасақтау барысында білімгерлер арасында үш тақырып бойынша лингвомәдениеттанымдық тәжірибе жүргізілді. Әр тақырып нысанына қатысты 5-10 сөз көлемінде мысал келтіріліп, екі мәдени кеңістік тілдік-мәдени қырынан интерпретацияланды. Лингвомәдениеттанымдық тәжірибе 2011-2012, 2013-2014 және 2016-2017 оқу жылдары Филология факультетінде жүргізілді.

Әлемнің мәдени бейнесіндегі Шығыс және Батыс диалогын бірлікте қарастыру, лингвомәдени картасын жасау мәдениетаралық коммуникацияның өзекті мәселелерін тереңірек ашуды көздейді. Шығыс және Батыс мәдени кеңістігіне тілдік саяхат жасау арқылы қазақ елі жастарының мәдени-танымдық стереотиптерін анықтауға, ұлттардың дүниетанымы мен мәдениетін, әсіресе, ұлттық құндылықтарды тереңірек тануларына жол ашуға мүмкіндік туады.

Түйін сөздер: антропологиялық лингвистика, мәдениетаралық коммуникация, әлемнің мәдени бейнесі, Шығыс және Батыс мәдени кеңістігі, лингвомәдениеттанымдық тәжірибе.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2018-124-3-135-148>

Кіріспе. Әлем бейнесін көп қабатты білім кеңістігі деуге болады. «Әлем бейнесі адамның рухани белсенділігінің жай ғана бір бөлшегі емес, оның нәтижесін танытатын әлемнің тұтастай ауқымды бейнесі болып табылады», – деп жазады «Роль человеческого фактора в языке: язык и картина мира» еңбегінің авторлары [1, 19 б.]. Олардың пайымдауынша, «әлем бейнесі әлемнің жаһандық бейнесі ретінде адамның бойында қоршаған дүниемен байланыс кезінде қалыптасады. Адам баласының әлеммен қарым-қатынасы мен тәжірибесі өмір сүру үдерісінде жан-жақты болады. Ол тұрмыстық байланыс, не болмаса адамның қызмет жағдайындағы әлемді пайымдап игеруі немесе оның төтенше жағдайда әлемді ой көзімен танып түйсінуді болуы мүмкін» [1, 20 б.]. Яғни, әлем бейнесі адам баласының танымында өмір бойы жинақталады: жастық шағынан бастап кәрілікке жеткенге дейін жеке тұлға айнала қоршаған дүниені тануға, түсінуге ұмтылады, сол арқылы ойында белгілі бір білімдер қорын қалыптастырады.

Әлем бейнесін, әлемнің мәдени бейнесін тану – күрделі үдеріс. Себебі «ол – гештальт секілді күрделіліктің жоғары деңгейі» [1, 17 б.]. Біз күнделікті өмірде туған тілімізде көрініс табатын әлем бейнесіне көңіл бөле бермейміз. Өзге мәдениеттің әлем бейнесін ана тіліміз арқылы танып білеміз. Кейде өз әлеміміздің бейнесіне, оның ерекшелігіне тек өзге, шет тілдік мәдениеттің бейнесімен салыстыра қарағанда ғана мән беретініміз рас. Пайым, түсініктің (ассоциация) берілу жолдарын зерттеу – әртүрлі тілдердің өзіне тән мәдени бейнесін салыстыра қарастыруда маңызды да қызықты аспектінің бірі.

Мәселенің қойылуы. Әлем бейнесі, оның ішінде әлемнің мәдени бейнесі мәселесі – мәдениетаралық коммуникация кеңістігін қарастыруда өзекті нысан болып табылады. Әлемнің мәдени бейнесі әр мәдениетте әр қилы танылатыны белгілі. «Һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болатындығы» секілді кез келген мәдениеттің әлем бейнесі оның тілінде вербалданады. Тіл арқылы таңбаланатын мәдени кеңістікті арнайы қарастырудың маңызы сол себепті де зор.

Тіл мен мәдениеттің өзара сабақтастығы тым әріде. Тіл мен мәдениеттің арасындағы сабақтастық мәселесі мәдениетаралық қарым-қатынастың басты тетігі болары анық. Мәдениеттер тоғысуы үдерісінде түрлі тілдік-мәдени кодтың сипаты ашық танылады. Саяси-экономикалық, ғарыштық, әлеуметтік өркениеті қарыштап дамып жатқан бүгінгі мәдениеттер байланысын арнайы қарастыру филолог мамандар үшін аса бір қызығушылық тудырып отырғаны сондықтан да. Тіл, мәдениет, сана мәселелерінің ортақ жайттарын қарастырған Н.В. Уфимцеваның [2], Ю.А. Сорокиннің [3], мәдениетаралық коммуникация және тіл мәселелерін зерттеген С.Г. Тер-Минасованың [4] еңбектерінде лингвомәдениеттанымдық зерттеу жүргізіледі. Аталмыш зерттеу жұмыстарының маңыздылығы – бірнеше жылдар аралығында жасалған тілдік-мәдени практикалық эксперименттің жанды, шынайы шыққандығы. Бұл секілді ғылыми-практикалық зерттеулер мәдениетаралық қарым-қатынас үдерісіндегі тіл мен мәдениет, тіл мен діл, тіл мен тарих сынды құндылықтарды тануға нақты үлес қосады деуге болады.

Мақсаты. Әлемнің мәдени бейнесіндегі Шығыс және Батыс диалогын бірлікте қарастыру, лингвомәдени картасын жасау мәдениетаралық коммуникацияның өзекті мәселелерін тереңірек ашуды көздейді. Мақалада әлемдік ғылыми-практикалық тәжірибелерге сүйене отырып, Шығыс және Батыс әлемінің мәдени бейнесін лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан қарастырып, білімгерлер көзімен екі өркениеттің мәдени картасын жасау мақсат етілді. Мәдени картаны жасақтау барысында білімгерлер арасында лингвомәдени тәжірибе жүргізілді. Бұған дейінгі ізденісімізде Қазақстан мен АҚШ елдерінің лингвомәдени картасы жасалып, екі мәдени кеңістік тілдік-мәдени қырынан қарастырылған болатын [5].

Зерттелу тарихы. Әлем бейнесі жөніндегі тұжырымның алғышарттары, әрине, бірден қалыптаса қойған жоқ, ол жөніндегі ойлар ежелгі дәуірдегі тіл теорияларында кездеседі. Ғылыми айналымға «әлем бейнесі» термині алғаш XIX ғасырдың соңында неміс физигі Г. Герцтің сыртқы дүниені әр қырынан зерттеген еңбегінде енгізілді [6]. Ал гуманитарлық ғылымдарда бұл ұғымның қарастырылуы лингвистер В. Гумбольдттың, А.А. Потебняның, философтар Л. Витгенштейннің, К. Ясперстың есімдерімен байланысты.

Әлем бейнесі түсінігі тіл, ой-сана және ақиқат секілді категориялардың өзара әрекеттестігі мәселесімен бірге қаралады. В. Гумбольдт өз еңбегінде «язык тесно переплетен с духовным развитием человечества и сопутствует ему на каждой ступени его локального прогресса или регресса, отражая в себе каждую стадию культуры» – деп, тілдің мәдениет көрінісі екендігін атап өтеді [7, 48 б.]. В. Гумбольдттың тіл формасына қатысты осы идеясы неогумбольдтанушылар – Германия этнолингвистикалық мектебінің негізін салушы Л. Вайсгербер мен Америка этнолингвистикалық мектебінің негізгі өкілдері Э. Сепир мен Б. Уорфтың еңбектерінде қызу талқылауға түседі. Л. Вайсгербер ғалымның тілдің ішкі формасы ілімін негізге ала отырып, қоршаған ақиқат болмыстың адам тілінде бейне құрайтынын, адамның қоршаған әлемді тілі, көзі арқылы тани алатынын алғаш қарастырады. Л. Вайсгербердің аталмыш ұстанымы америкалық этнолингвистер Э. Сепир мен Б. Уорфтың «Лингвистикалық ықтималдылық болжамы» атты теориясында көрініс табады. Олар дүние жүзіндегі тілдердің бір-бірінен өздерінің әлемнің тілдік бейнесі арқылы ерекшеленетіндігін атап көрсетеді. Кез келген адам қоршаған ортасын өзінің тілі арқылы танып біледі.

Әлем бейнесі, әлемнің тілдік бейнесі мәселелері жөніндегі В. Гумбольдттың теориясына жақын идеялар неміс ғалымдары Г. Гердер, Я. Гримм, Ф. Шлегель мен орыс ғалымдары Ф.И. Буслаев, Ф.Ф. Фортунатовтардың ғылыми ой-пікірлерінде де көрініс тапқан болатын. Адам факторын алғы шепке шығара қарастыратын антропологиялық лингвистиканың зерттеу нысаны аясында бұл мәселе отандық ғалымдар Н. Уәли, Ж. Манкеева, А. Ислам, Г. Смағұлова, т.б., сондай-ақ, шетел тіл білімінің өкілдері Г.А. Брутян, Г.В. Колшанский, Е.М. Верещагин, А. Вежбицкая, В.И. Карасик, В.А. Маслова, М.В. Пименова, т.б. еңбектерінде қарастырылады.

В. Гумбольдттың әлемнің тілдік бейнесі мәселесіне қатысты «тілде халықтың рухы бар» деп тұжырымдаған пікірі А. Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» еңбегінде анық үндестік табады: «Һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады» [8, 1 б.]. Ғалым мұнда әр тілде сол тілді жұмсаушы халықтың қадір-қасиеті, ділі, тарихы сақталатындығын атап көрсетеді. Яғни, қоршаған орта туралы түсініктер мен ұғымдар әр тілде әртүрлі таңбаланады да, сол әлемнің бейнесін сипаттап танытады.

Зерттеу әдістері. Мақалада, негізінен, зерттеу жұмысының мақсатына байланысты лингвомәдениеттанымдық әдіс пайдаланылды. Шығыс және Батыс мәдени кеңістігінің әлем бейнесін: ұқсастықтары мен ерекшеліктерін қарастыру мақсатында лингвомәдениеттанымдық тәжірибе жүргізілді. Тәжірибе жұмысына Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультетінің “Аударма ісі” және “Филология: қазақ тілі” мамандықтары бойынша 18-23 жас аралығындағы 200-ге жуық білімгер (студенттер мен магистранттар) қатысты. Лингвомәдениеттанымдық тәжірибе 2011-2017 жылдар аралығында үш кезеңге бөлініп өткізілді. Тәжірибе нәтижесі төменде талқылауға түседі.

Нәтиже/талқылау. Мәдени картаны жасақтау барысында білімгерлер арасында үш тақырып бойынша лингвомәдени тәжірибе жүргізілді: 1) Шығыс және Батыс мәдени кеңістігі туралы ең алғаш ойда ассоциацияланатын бірліктер; 2) Мінез-құлқын сипаттайтын бірліктер; 3) Сырт келбетін танытатын бірліктер.

Әр тақырып нысанына қатысты 5-10 сөз көлемінде мысал келтіріліп, екі мәдени кеңістік тілдік-мәдени қырынан интерпретацияланды. Лингвомәдени тәжірибе 2011-2012, 2013-2014 және 2016-2017 оқу жылдарының 2-семестрінде Филология факультетінде жүргізілді. Шығыс және Батыс мәдени кеңістігінің тілдік-мәдени болмысын сипаттауда тәжірибе жүргізілген әр оқу жылына жеке талдау жұмысы жасалды. Әрине, екі мәдениеттің елдерін түгелдей қамту мүмкіндігі аз. Сондықтан тәжірибе барысында Шығыс пен Батыс құрлығының алыс-жақын ірі 10 елі таңдалып алынды (білімгерлермен бірлесе отырып). Шығыс мәдениеті бойынша Түркия, Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Өзбекстан елдері, ал Батыс мәдениеті бойынша Германия, Франция, Голландия, Ұлыбритания, Италия елдері арасындағы мәдени диалог қамтылды. Шығыс мәдениетінің лингвомәдени кеңістігін білімгерлер көзімен бағамдап, пайымдасақ (1-5 кесте):

	2011-2012	2013-2014	2016-2017
Ең алғаш ойда ассоциацияланатын бірліктер	Теңіз (11 жауап), ислам (9), мешіт (8), Стамбул (5), Осман империясы (5), текстиль (3), бауырлас халық (3), демалыс (3), тарих (3)	сериал (11), Стамбул (7), курорт (5), теңіз (4), донер (4), Анкара (4), ислам (4), пахлава (3), шай, кофе (2), кино (2)	Стамбул (8), сериал (6), пахлава (6), Анкара (5), теңіз (5), шай, кофе (4), лира (4), донер (4), рахат лукум (4), Сүлеймен сұлтан (3)
Мінез-құлқын сипаттайтын бірліктер	еңбекқор (9), қызуқанды (7), шулы (9), екіжүзді (4), қатыгез (4), сөзшең (4), қарапайым (3), дәстүрге берік (3)	сыпайы (9), қонақжай (6), намысшыл (5), қызуқанды (4), кішіпейіл (4), ұлтшыл (4), еңбекқор (3), өтірікші (2), инабатты (2), жұмсак (2)	кішіпейіл (9), қонақжай (6), намысшыл (6), еңбекқор (6), тәкаппар (5), мейірімді (4), қатыгез (3), көңілді (3), пысық (2), қызуқанды (2)
Сырт келбетін танытатын бірліктер	мұртты (9), сақал (7), қаралау (7), домалақ (6), үлкен көзді (3), денелі (3)	өте әдемі (8), қара торы (6), сақалды (5), үлкен көзді (5), хиджаб (5), қара кірпік (3), ірі денелі (3), қара көзді (3), бұйра шашты (2), орта бойлы (2)	өте әдемі (9), қара торы (9), ұзын бойлы (8), сақалды (5), орта бойлы (5), қара қасты (5), бұйра шашты (5), ірі денелі (5), хиджаб (3)

Кесте 1 – Түркия әлемінің мәдени бейнесі

Түркия – ұсынылған категориялар бойынша түрік елінің лингвомәдени болмысы барлық кезеңде өте ұқсас деуге болады. Қазақ жастары үшін түріктер жөніндегі жиілігі басым бірліктер – теңіз және сериал сөздері. Мінез-құлықтарын еңбекқор, сыпайы, қонақжай, кішіпейіл деп таныса, ал сырт келбеттерін сақалды, өте әдемі, қара торы деп сипаттайды. Дегенмен кейбір бірліктер жиілігінің жыл өткен сайын кеміп отырғанын байқауға болады. Мәселен, түрік халқының мінезін сипаттауда алғашқы кезеңде қызуқанды сөзінің белсенділігі басым болса (7 респондент), 2013-2014 оқу жылында белсенді қабаттан шығып қалған (4 респондент), ал 2016-2017 оқу жылында тіпті аз қолданыс тапқан (2 респондент)

	2011-2012	2013-2014	2016-2017
Ең алғаш ойда ассоциацияланатын бірліктер	сауда (14 жауап), Джеки Чан (8), Ұлы Қытай қорғаны (8), Император сарайы (6), империя (6), шыбын-шіркей (5), династия (5), кунг фу (3), арзан (3), көк шай (2)	көп халық (12), Пекин (12), өнертапқыш (9), ащы дәмдеуіштер (6), лапша (6), бақа-шаян (6), Ұлы Қытай қорғаны (4), базар (4), техника (4), жарамсыз нәрсе (3)	көп халық (12), Пекин (12), жібек (10), техно логия (10), Джеки Чан (6), Ұлы Қытай қорғаны (6), экономика (5), бақа-шаян (3), ащы дәмдеуіштер (3),
Мінез-құлқын сипаттайтын бірліктер	еңбекқор (16), мықты (10), талапты (10), қатыгез (7), ұлтшыл (6), өзімшіл (3), ізденімпаз (3), шыдамды (3)	еңбекқор (13), пысық (10), қатал (7), тәрбиелі (7), шапшаң (6), оңбаған (4), сөзшен емес (4), көмекке даяр (4), көпшіл емес (4), ашушаң (2)	еңбекқор (12), ақылды (9), ку (5), төзімді (5), қатал (4), пысық (3), шапшаң (3), арам (3)
Сырт келбетін танытатын бірліктер	талапшыл (3), пайдақор (3), көздері кішкентай (11), орташа бойлы (6), қаралау (6), келбетті емес, ұсқынсыз (4), қараторы (4), шымыр (4),	қысыңқы көзді (12), аласа бойлы (9), кір-қожалақ (4), кіші (4), шапшаң (3), қалың шашты (3), жинақы (3), орта бойлы (2), кара шашты (2)	қысыңқы көзді (10), аласа бойлы (10), домалақ жүзді (6), кең маңдайлы (4), кара торы (3), кара шашты (3), көзілдірік (3)

Кесте 2 – Қытай әлемінің мәдени бейнесі

Қытай – үш кезеңдегі сөз бірліктері сәйкес келеді. Барлық кезеңге тән ең жиі қолданыстағы сөздер – еңбекқор, көздері кішкентай/қысыңқы көзді бірліктері. Одан кейінгі орынды Ұлы Қытай қорғаны, көп халық сөздері алады, дей тұрғанмен көп халық жұмсалымы алғашқы кезеңде кездеспейді. Лингвомәдениеттанымдық тәжірибеден көрініс тапқанындай, қазақ жастарының Қытай елі, мәдениеті турасындағы оң (позитивті) және теріс (негативті) көзқарастарының үлес салмағы шамалас деуге болады. Ішкі және сыртқы болмыстарын тануда еңбекқор, мықты, талапты, пысық, тәрбиелі, ақылды, шымыр, жинақы секілді жағымды эмотивтерімен қатар қатыгез, оңбаған, ку, арам, келбетті емес, ұсқынсыз, кір-қожалақ сияқты жағымсыз эмоциялы бірліктерге де біршама орын берген.

	2011-2012	2013-2014	2016-2017
Ең алғаш ойда ассоциацияланатын бірліктер	Білім (13 жауап), сакура (9), Хиросима (6), құрмет (6), жоғары технология (6), биік ғимарат (5), аниме (3), самурай (3), Синдзэ Абэ (3), цунами (3)	техникалық құралдар (10), Токио (10), қаратэ (9), мәшине (7), робот (6), дзюдо (6), Мураками (3), бір ұлтты ел (3), аниме (3), Хиросимо Нагасаки (3)	робот (9), Токио (9), аралдар (7), суши (6), аниме (5), сакура (5), технология (5), цунами (5), өнертапқыш (4), жанартау (2)
Мінез-құлқын сипаттайтын бірліктер	жаңашыл (14), тиянақты (14), еңбекқор (14), биязы (9), шыншыл (8), ақылды (8), сыпайы (5), сабырлы (3), ұқыпты (2), баяу (2)	еңбекқор (11), ақылды (9), сабырлы (5), тапқыр (5), нейтрал (5), еуропалықтарға жақын (5), агрессивті (5), тәртіпті (3), кішіпейіл (3)	еңбекқор (10), сабырлы (9), тәртіпті (9), ақылды (9), сыпайы (8), ұлтшыл (5), дәстүрлерін сақтайтын (4), тапқыр (4), сараң (2), намысшыл (2)
Сырт келбетін танытатын бірліктер	сымбатты (11), кимоно (11), ұсқынсыз (8), жасанды (6), қатал (6), орта бойлы (6), кара шашты (6), ерекше (4), талғампаз (4)	бойлары аласа (9), көздері қысыңқы (8), орташа бойлы (5), толық (5), арық (3), ұзын шашты (3), әдемі (2), кара шашты (2)	көздері қысыңқы (9), ақ құба (6), бойлары аласа (5), әдемі (4), кара шашты (4), толық (3), орташа бойлы (3), ұлттық киім (3)

Кесте 3 – Жапония әлемінің мәдени бейнесі

Жапония – жиілігі басым бірліктер ретінде технология, еңбекқор, білім, жаңашыл сөздерін атауға болады. Кестеден байқалатындай, білім, жаңашыл тілдік таңбалары алғашқы кезеңде белсенді сипат алса, кейінгі жылдарда кездеспейді. Олардың орнына балама қолданыс ретінде тапқыр, өнертапқыш, технология бірліктері ұсынылған. Жалпы, қазақ жастарының жапон халқына, мәдениетіне деген көзқарастары оң, тек ішкі/сыртқы болмыстарын беруде кейбір жағымсыз эмотивтердің бой көрсеткені байқалады (саран, ұсқынсыз, жасанды).

	2011-2012	2013-2014	2016-2017
Ең алғаш ойда ассоциацияланатын бірліктер	LG (18 жауап), Samsung (16), медицина (16), кино, сериал (10), технология (10), Сеул (9), инновация (9), сұлулық (7), тарих (4), компьютер (4)	сериал (11), Сеул (6), Самсунг (3), киім (3), мәшине (3), косметика (3), Рамен (2), мәдениеті дамыған (2), кино (2), Пусан (2)	сериал (10), Сеул (9), кимчи (6), пластикалық операция (6), кино (6), ащы тағам (5), жанкүйер (3), теңіз өнімдері (3), жаңа технология (3)
Мінез-құлқын сипаттайтын бірліктер	адал (12), білімді (11), сыпайы, кішіпейіл (8), шыдамды (7), еңбекқор (5), ақылды (5), ерке (3), ұялшақ (3), тынымсыз (3)	кішіпейіл, сыпайы (18), сабырлы (7), көңілді (6), ашық (6), жақсы (4), адал (4), тәрбиелі (4), ақылды (4), шапшаң (3)	тәрбиелі (13), сыпайы, кішіпейіл (15), байсалды (9), қарапайым (6), мейірімді (6), еңбекқор (2), адал (2), эмоционалды
Сырт келбетін танытатын бірліктер	сымбатты, сұлу (12), орташа бойлы (9), қара шашты (4), көздері үлкен (3), қара торы (3), шымыр (2), аласа (2)	келбетті (11), бойлары орташа (8), қысыңқы көзді (6), стильді (6), кішкентай, қысқа бойлы (9), ақшыл жүзді (6), ұлдары қызға ұқсас (4), маржан тістер (3)	ақшыл жүзді (8), әдемі, келбетті (14), орташа (7), жас көрінеді (7), ұзын бойлы (4), қысыңқы көзді (4), таза тері (4), арық (4), көзілдірік (3)

Кесте 4 – Оңтүстік Корея әлемінің мәдени бейнесі

Оңтүстік Корея – әр жылдарды салыстыра қарағанда, кәріс мәдениеті туралы ортақ әлемнің тілдік бейнесін тануға болады. Ең жиі кездескен сөз бірліктері – сериал, Сеул, технология, медицина, сыпайы, кішіпейіл, келбетті, т.б. Оңтүстік Корея бойынша жүргізілген тәжірибенің басқа Шығыс мәдениетінен өзгешеленетін ең бір ерекшелігі – қазақ жастары кәріс мәдениетін: ішкі жан дүниесін сипаттауда болсын, сырт келбетін бейнелеуде болсын, тек жақсы қырынан ғана таниды.

	2011-2012	2013-2014	2016-2017
Ең алғаш ойда ассоциацияланатын бірліктер	шапан (11 жауап), ыстық (9), палау (9), би (4), Ташкент (4), самса (4), екі жүзділік (3), пысық (3), Бұқара (3), Каримов (3)	палау (15), кино (9), Ташкент (9), ала-ала (5), өрілген шаш (5), би (5), самса (5), көне ғимараттар (3), патриоттар (3), көрші мемлекет (3)	палау (11), Ташкент (10), жүзім (6), сауда (6), би (5), Самарқанд (4), ала шапан (4), Бұқара (3), шұбырған халық (3), гасгорбайтер (2)
Мінез-құлқын сипаттайтын бірліктер	саудагер (12), құпиясы көп (10), жалған сөйлейтін (7), еңбекқор (7), пысық (7), сарт (4), сөзшең (4), шыдамды (4), көңілді (3), арам (2)	пысық (16), ашушаң (9), жылпоз (9), еңбекқор (9), арам (4), арсыз (4), жағымпаз (3), өзімшіл (3), бауырмал (3), көңілді (2)	еңбекқор (8), арам, қу (6), жағымпаз (4), пысық (3), екі жүзді (3), қарапайым (3), ашық (3), үнемшіл (3), көңілді (3)
Сырт келбетін танытатын бірліктер	ұсқынсыз (10), бұрымды қыздар (9), көтеріңкі көңіл күй (7), орта бойлы (7), қара шашты (7), жайдары (6), ұлттық киімді дәріптеген ұлт (3)	қара торы (9), қара шашты (9), әдемі (5), орташа бойлы (4), қазақтарға ұқсас (3), көздері үлкен, қара (3), қосылған қас (3), аласа бойлы (3), ірі денелі (3), сақал-мұртты (2)	қалың қасты (9), қара торы (9), қара шашты (9), орташа бойлы (6), үлкен көзді (6), сары өңді (3), әдемі (3), қысқа бойлы (3 қазақтарға ұқсас (3)

Кесте 5 – Өзбекстан әлемінің мәдени бейнесі

Өзбекстан – жақын мәдени кеңістік ретінде арнайы таңдалып алынды. Кезеңдік салыстыруға келсек, көрші халық туралы қазақ жастарының ой-танымдары шамалас шыққаны анық. Өзбек халқының болмысы, ең алдымен, материалдық мәдениетпен байланыстыратындығы аңғарылады: палау, шапан, самса сөздерінің үлес салмағы басым. Мінез-құлқын сипаттауда да үш кезеңнің ара салмағы ұқсас. Бұл көрініс Өзбекстанның әлеуметтік өмірінің бір позицияда өтуімен түсіндірілсе керек. Бір байқалатыны – өзге шығыс мәдениетіне қарағанда өзбектердің ішкі әлемін (мінез-құлқын) беруде респонденттердің сыни көзбен қарағандығы, яғни оң көзқарастан гөрі теріс, жағымсыз пікір қалдырғандығы. Пысық, еңбекқор сынды жағымды эмотивтер өзбек мәдениетінің табиғатын ашуда белсенді қолданысқа ие болса, бұл қатарда арам, қу, жағымпаз, арсыз, жылпос, т.б. кері мән туғызушы бірліктер де қатар орын алған. Ал сырт келбетін тануда ортақ белгілермен қатар бинарлық бірліктердің де көрінісі жиірек ұшырасады. Мәселен, қара торы ↔ сары өңді, ірі денелі ↔ орташа бойлы ↔ аласа бойлы, ұсқынсыз ↔ әдемі секілді оппозициялық қатарлар кездеседі.

Сонымен, 2011 және 2017 жылдары жүргізілген лингвомәдени тәжірибенің жалпы қорытындысы бойынша Шығыстың мәдени және тілдік бейнесін былайша түйіндеп беруге болады. Ол үшін сауалнама барысында үш тақырып аясында жинақталған сөздік қордың ішінен жиілігі басым бірліктердің алғашқы бес қатарын түзіп шықтық (6-кесте):

Жиілігі басым бірлік	Түркия	Қытай	Жапония	Оңт. Корея	Өзбекстан
Ең алғаш ойда ассоциацияланатын бірліктер	1. теңіз (22) 2. Стамбул (20) 3. сериал (17) 4. ислам (13) 5. Анкара	1. көп халық (24) 2. Пекин (24) 3. Ұлы Қытай қорғаны (18) 4. сауда (14) 5. техника, технология (14)	1. Токио (19) 2. робот (15) 3. сакура (14) 4. білім (13) 5. жоғары технология (11)	1. кино, сериал 2. Сеул (24) 3. жаңа технология, инновация (22) 4. Samsung (19) 5. LG (18)	1. палау (35) 2. Ташкент (23) 3. шапан, ала шапан (15) 4. би (14) 5. ыстық (9)
Мінез-құлқын сипаттайтын бірліктер	1. еңбекқор (18) 2. қызуқанды (13) 3. кішіпейіл (13) 4. қонақжай (12) 5. намысшыл (11)	1. еңбекқор (41) 2. пысық (13) 3. талапшыл (13) 4. қатал (11) 5. мықты (10)	1. еңбекқор (35) 2. ақылды (26) 3. сабырлы (17) 4. тиянақты, ұқыпты (16) 5. жаңашыл	1. сыпайы, кішіпейіл (41) 2. адал (18) 3. тәрбиелі (17) 4. шыдамды, сабырлы (14) 5. білімді (11)	1. пысық (26) 2. еңбекқор (24) 3. саудагер (12) 4. арам, қу (12) 5. жылпоз (9)
Сырт келбетін танытатын бірліктер	1. қара торы, қаралау (22) 2. өте әдемі (17) 3. сақалды (17) 4. ірі денелі (11) 5. мұртты (9)	1. қысыңқы көзді (32) 2. аласа бойлы, кіші (27) 3. қара торы, қаралау (13) 4. көздері кішкентай (11) 5. орташа бойлы (8)	1. сымбатты, әдемі (17) 2. көздері қысыңқы (17) 3. бойлары аласа (14) 4. орта бойлы (14) 5. қара шашты (12)	1. сымбатты, келбетті (27) 2. орташа бойлы (24) 3. ақшыл жүзді (14) 4. аласа (11) 5. сұлу, әдемі (10)	1. қара шашты (25) 2. қара торы (18) 3. орта бойлы (17) 4. ұсқынсыз (10) 5. көздері үлкен, қара (9)

Кесте 6 – Шығыс елдерінің лингвомәдени көрсеткіші

1) Ең алғаш ойда ассоциацияланатын бірліктер тақырыбы бойынша. Шығыс мәдениетін тілге тиек еткенде, ең алғаш ойда ассоциацияланатын бірліктер ретінде рухани, жағрапиялық және экономикалық сипатты лексемалар белсенділік танытты. Оның ішінде, әсіресе, әр мемлекеттің ірі орталықтары алдыңғы қатарда (Стамбул (20), Анкара (9), Пекин (24), Токио (19), Сеул (24), Ташкент (23)). Сонымен қатар жаңа технология, инновация, білім, теңіз, көп халық, кино, сериал, т.б. Тек өзбек мәдениетінің лингвомәдени картасында ғана өзгешелік байқалады. Онда рухани мәдениеттен гөрі материалдық мәдениеттің көрінісі басым (палау (35), шапан, ала шапан (15), би (14), ыстық (9) секілді).

2) Мінез-құлқын сипаттайтын бірліктер тақырыбы бойынша. Жалпы, шығыстың әлем бейнесі еңбекқор, кішіпейіл, пысық сөздерімен танылған деуге болады. Ал одан кейінгі қатарда әр мәдениеттің өзіндік сипаты ашылады. Мәселен, түрік мәдениеті қызуқанды, қонақжай, қытай мәдениеті талапшыл, қатал, мықты, жапон елі ақылды, сабырлы, кәріс елі адал, тәрбиелі, өзбек мәдениеті саудагер секілді лингвомәдени бірліктермен сипатталған.

3) Сырт келбетін танытатын бірліктер тақырыбы бойынша. Шығыс халқы білімгерлердің көзімен қарағанда қара торы, қысыңқы көзді, сымбатты, әдемі, орта бойлы. Бұл бейнелерге кейбір оппозициялық бірліктер қатар келеді (ақшыл жүзді, ірі денелі, ұсқынсыз, көздері үлкен, т.б.).

Келесі кезекте Батыс мәдениетіне білімгерлер көзімен жүргізілген лингвомәдени тәжірибенің түйінін талдап-бағамдасақ (7-11 кесте):

	2011-2012	2013-2014	2016-2017
Ең алғаш ойда ассоциацияланатын бірліктер	Берлин (9), мерседес (6), фашизм (5), прогресс (5), тәртіп (4), білім (4), футбол (4), сапа (4), уақыт (3), мәшине (3)	көлік (9), сапа (9), Гитлер (7), Франкфурт (6), Берлин (6), Ангела Меркель (6), сыра (5), фашизм (5), Екінші дүниежүзілік соғыс (4), нақтылық (4)	Гитлер (6), фашизм (6), мәшине (4), тазалық (4), дәрі-дәрмек (4), соғыс (3), Берлин (3), сыра (2), оқу (2)
Мінез-құлқын сипаттайтын бірліктер	білімді (10), пунктуалды (10), қатал (6), көкірек (4), тәртіпті (4), турашыл (4), ұлтшыл (4), іскер (3), нақты (2)	еңбекқор (8), турашыл (8), ұқыпты (7), нақтылық (7), іскер (6), тазалық (5), дәрежелі (3), тұйық (3), дарынды (2), шырайлы (2)	қаталдық (9), ұлтшыл (7), еңбекқор (7), суық (5), салмақты (5), шынайы адал (5), тәкаппар (2), намысшыл (2), ұқыптылық (2)
Сырт келбетін танытатын бірліктер	көк көзді (6), сары шашты (6), түсі суық (3), ұзын бойлы (3), ашуланшақ (2), жұмбақ (2), сымбатты (2)	ұзын бойлы (7), әдемі емес (4), көк көз (3), сары шашты (2), сымбатты (2), қыр мұрынды (2), костюм (2), жейде (2)	ақ құба (8), ұзын бойлы (7), ірі денелі (5), көк көз (4), үлкен көзді (2), шаштары сары (2), қыр мұрынды (2)

Кесте 7 – Германия әлемінің мәдени бейнесі

Германия – неміс мәдениеті жөнінде ең алғаш ойда ассоциацияланатын бірліктерді таңдауда үш кезеңнің ортақтығы басым. Белсенді сөз қабатының көшбасында көлік, мәшине, мерседес, фашизм, Гитлер секілді таңбалар тұр. Ал немістердің ішкі әлемін (мінез-құлқын) қазақ жастарының әр қырынан қабылдайтындығы байқалады (7-кесте). Лингвомәдени тәжірибенің алғашқы кезеңінде білімді (10), пунктуалды (10) лексемалары алдыңғы орыннан көрінсе, кейінгі жылдары түсіп қалған. Олардың орнына нақтылық, дарынды сөздері шыққан. Керісінше алғашқы кезеңде сирек ұшырасқан ұлтшыл (4 рет) бірлігінің соңғы кезеңде белсенділігі (7 рет) артқан. Бұл секілді оң көзқарастармен қатар теріс пікірлердің де арасалмағы біршама. Кестеден аңғарылатындай, қатал (6), көкірек (4), дәрежелі (3), қаталдық (9), суық (5), тәкаппар (2) жұмсалымдарының жиілігі басым. Бұл жайтты Екінші дүниежүзілік соғыс салдарының қазақ жастарының санасында ұялаған бейнесі деп түюге болар. Көк көзді, сары шашты, ұзын бойлы сөздерін неміс ұлтының сырт мәдениетін ашудағы негізгі компоненттер деуге болады.

	2011-2012	2013-2014	2016-2017
Ең алғаш ойда ассоциацияланатын бірліктер	Шанель (7), романтика (6), круассан (6), әгір (5), Эйфель мұнарасы (5), мәдениет (5), кофе (4), шарм (4), сұлулық (4), Жанна д'Арк (4)	Париж (9), Эйфель мұнарасы (7), круассан (7), әгір (6), романтика (4), француз тілі (4), Нотр Дам (3), берет (3), Эйфел Тауер (2), фондю (2)	Эйфель мұнарасы (8), парфюм (6), Шанель (5), сән (5), Париж (4), махаббат (3), Лувр музейі (3), круассан (2), киім (2), француз тілі (2)
Мінез-құлқын сипаттайтын бірліктер	романтик (11), жеңілтек (8), еңбекқор (7), ұлтшыл (7), шығармашыл (4), шыншыл (4), өзімшіл (2)	турашыл (9), ұқыпты (8), тәкаппар (8), намысқой (3), жағымсыз (3), ұлтшыл (2)	мейірімді (8), сыпайы (8), эмоционалды (6), тәкаппар (3), сән құмар (3), шыншыл (3), сезімтал (2), ашық (3)
Сырт келбетін танытатын бірліктер	сымбатты (9), сәнқой (4), кербез (4), жіңішке белді (3), сары шашты (3)	сәнді (9), жарасымды (8), сымбатты (8), кербез (4), көйлек (3), шляпа (3), макияж (3), сұлу (3), афроамерикандық (3), жинақы (2)	сұлу (5), сәнді киінетін (5), сары өнді (3), бұйра шашты (3), ұзын бойлы (2), қыр мұрын (2), арық (2)

Кесте 8 – Франция әлемінің мәдени бейнесі

Франция – француздар мәдениеті жөнінде бірден ойға оралатын сөз бірліктері ретінде Эйфель мұнарасы, круассан, романтика, әтір лексемаларын атауға болады. Француздардың ішкі мәдениетін тануда кезеңдік ортақтықпен қатар әр жылдың жауаптарында ерекшелік те байқалады. Жалпы, әлемнің мәдени бейнесінде француздардың болмысы (ішкі болсын, сыртқы болсын) сұлулықпен, сәнмен, сезімталдықпен, сыпайылықпен өлшенетіні белгілі. Тәжірибе қорытындысы да аталмыш межеден шығады (романтик (11 респондент), мейірімді (8), сыпайы (8), эмоционалды (6), сән құмар (7), сезімтал (2) ішкі болмысы); (сымбатты (17), сәнқой (4), кербез (8), сәнді (14), жарасымды (8), макияж (3), сұлу (8) сыртқы болмысы). Дегенмен қазақ жастары француздардың мінез-құлқын, сонымен қатар, жеңілтек (8), еңбекқор (7), ұлтшыл (7), шыншыл (7), өзімшіл (2), тәкаппар (11) деп таниды екен.

	2011-2012	2013-2014	2016-2017
Ең алғаш ойда ассоциацияланатын бірліктер	раушан гүлі (7), шылым (6), мәдениет (4), Нидерланды (4), Амстердам (4), король (4), демократия (3), азғындық (3)	қызғалдақ (6), еркіндік (6), ірімшік (5), нашакорлық (4), теңіз (4), Амстердам (4), велосипед (4), жезөкшелер (2), сувенир (2)	роза гүлі (5), Амстердам (4), ірімшік (4), қызғалдақ (4), Нидерланды (2), футбол (2), табиғат (2)
Мінез-құлқын сипаттайтын бірл.	тіл табысқыш (9), бостандық (9), еркін ойлау (9), мәдениетті (3), сүйгіш (3)	ақжарқын (11), еркін (8), ашық (8), шырайлы (4), қамсыз (4), көңілді (3)	ашық мінез (8), мейірімді (6), кішіпейіл (6), өмір сүйгіш (5), шыншыл (4), еңбекқор (3)
